АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2026 жылғы 29 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының сайлауына қатысатын кандидаттарға және партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға «Qazaqstan 365 Media» ЖК-нің https://qaz365.kz/ сайтында интернет-алаң ұсынудың жалпы шарттары, тәртібі және ақы мөлшері туралы

«Qazaqstan 365 Media» ЖК-ге тиесілі https://qaz365.kz/ интернет-басылымы (бұдан әрі – Сайт) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 12 қазандағы №1521 Жарлығына сәйкес тіркелген, партиялық тізімдерін және кандидаттарын ұсынған саяси партияларға (бұдан әрі – «Кандидаттар») 2026 жылғы 29 қарашада сайланатын Кандидаттардың сайлау алдындағы үгіт материалдарын орналастыру үшін интернет-алаң ұсынудың шарттары, тәртібі және ақы мөлшері туралы хабарлайды.

Сайлау алдындағы үгіт партиялық тізімдер мен кандидаттарды тіркеу аяқталған сәттен басталып, сайлау күні алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша сағат 00:00-де аяқталады. Осыған байланысты үгіт материалдары Сайтта 2026 жылғы 1 қарашадағы сағат 18:01-ден бастап 2026 жылғы 28 қарашадағы сағат 00:00-ге дейін орналастырылады.

«Qazaqstan 365 Media» ЖК үгіт материалдарын https://qaz365.kz/ ақпараттық-талдамалық порталында кандидаттардың партиялық тізімін тіркеген саяси партиямен (бұдан әрі – Саяси партия) не бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша ұсынылған кандидатпен (бұдан әрі – Бірмандаттық округ бойынша кандидат) жасалған жазбаша шарт негізінде орналастырады.

Интернет-алаң саяси партияның жазбаша өтініші және Сайт иесі мен саяси партияның уәкілетті өкілі арасында жасалған шарт негізінде ұсынылады. Үгіт материалдарының көлемі, орналастыру мерзімдері мен саны, сондай-ақ өзге де талаптар саяси партияның жазбаша өтінішінде көрсетіліп, шартта бекітіледі.

Келіп түскен жазбаша өтініштер олардың түсу кезектілігі тәртібімен тіркеледі. Әрбір өтінішке тіркелген күні көрсетіле отырып, тіркеу нөмірі беріледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1.Сайлау комиссиясында ҚР мәслихатының депутаттығына саяси партияның партиялық тізімінің тіркелгенін, кандидаттың бір мандатты округ бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

2.Тиісті сайлау комиссиясының сенім білдірілген адамды тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі.

3.Өкілдің шартқа қол қоюға өкілеттігін растайтын сенімхаттың көшірмесі.

4.Уәкілетті өкілдің жеке куәлігінің көшірмесі.

5.Үгіт материалдары қажетті форматта.

Үгіт материалдары кестеге сәйкес жарияланғанға дейін кемінде 3 **(үш) сағат бұрын** ұсынылуы тиіс.

Ұсынылатын үгіт материалдарында Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген міндетті мәліметтер, оның ішінде материалды ұсынушы туралы және қаржыландыру көзі туралы ақпарат көрсетілуі тиіс.

Қазақстан Республикасы мәслихаттарының депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар ұсынылған үгіт материалдары мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңнаманың талаптарына сәйкестігі үшін дербес жауапты болады.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген шарттар мен тәртіп, сондай-ақ жасалған шарт талаптары сақталмаған жағдайда Сайт үгіт материалдарын орналастырудан бас тартуға немесе анықталған заң бұзушылықтар жойылғанға дейін олардың жариялануын тоқтатуға құқылы.

Егер үгіт материалдарында Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, мемлекеттің тұтастығын бұзуға, ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруге, әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік, діни немесе өзге де араздықты қоздыруға бағытталған үндеулер, зорлық-зомбылық пен қатыгездікті насихаттайтын материалдар немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін өзге де мәліметтер қамтылса, сондай-ақ азаматтардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпарат болса, Сайт мұндай материалдарды орналастырудан бас тартуға құқылы.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген интернет-алаңдарды беру шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына және уәкілетті мемлекеттік органдардың талаптарына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

Үгіт материалдарын Сайтта орналастыру құны (бағасы күніне):
Баннерлер:
Баннер (басты): 1280x100, (Mobile - 300x200), құны 70 000 теңге.
Орналастыру орны: сайттың басты беті және ішкі беттері.

Баннер (басты назарда): 540x200, (Mobile - 300x200), құны 100 000 теңге.
Орналастыру орны: сайттың басты беті және ішкі беттері.

Баннер (оң жақ шетінде): 300x400, (Mobile - 300x200), құны 70 000 теңге.
Орналастыру орны: сайттың басты беті және ішкі беттері.

Баннер (Басты назарданың төменгі жағы): 1280x100, (Mobile - 300x200), құны 70 000 теңге. Орналастыру орны: сайттың басты беті және ішкі беттері.

Баннер-брендинг – 200 000 теңге.

Мақала:
Орналасқан жері: Басты бет, жаңалықтар арнасы.
Көлемі: 5000 таңбаға дейін (5 фотосуреттен және 1 бейнематериалдан артық емес).
Басты беттегі хабарландыру 650 000 теңге.
Сайт блоктарының бірінде 550 000 теңге орналастыру.
Басты бетте «Назарда» бөлімінде 300 000 теңге орналастыру.

Постты (сюжетті) және бейнематериалды орналастыру:
Tik Tok: пост-100 000 теңге, видео-200 000 теңге;
Instagram: пост-100 000 теңге, видео-150 000 теңге;
Telegram-арна: пост-100 000 теңге;
Facebook: пост-100 000 теңге.

Барлық материалдарда **«Материалды орналастыру ақысы төленген»** деген белгі қойылады.

Шарт бойынша үгіт материалдарын орналастыру ақысы Сайт ұсынған төлем шоты негізінде шот ұсынылған күннен бастап **5 (бес) жұмыс күні ішінде** төленуге тиіс.

Жазбаша өтініштер 2026 жылғы 22 қазаннан бастап демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жандарбеков көшесі, 238/91, «Аблай» бизнес орталығы, 210-кеңсе.

«Qazaqstan 365 Media» ЖК